

"Айгерім" балабақшасы.

Тренинг: «Ата - ана бала тірегі»

Екінші кіші тобы.

Тәрбиеші: Бисахова К.

Бекіткеніңіз

Тренинг: «Ата - ана бала тірегі»

Мақсаты: Ата-аналардың балабақшамен тұрақты қарам- қатанасын қалыптастыру, бала тәрбиелеудегі ата - ана рөлін насихаттау, рухани- адамгершілік тәрбиелерін көрсету, бала тәрбиесіндегі отбасының алатын орны ерекше екенін түсіндіру, баланың дамуына теріс ықпал ететін жолдардың алдын алу, бала тәрбиелеу сапасының жоғарлауына ықпал ету, ата-аналарды пікір алмасуға қатыстыра отырып баланың бала тәрбиесінің ата-ана өміріндегі маңызын әңгімелеу, пікір алмасу.

Жүргізуші: «Ата - ана бала тірегі» атты тренингке қош келдіңіздер! Ата - анаың тілі, ананың махаббаты, ата - анаың тілегі төгіліп жатқан теңіз емеспе! Ананың айналып, толғанғаны кімнің есінен кетеді! Шыр етіп дүниеге келгеннен ақ сенің ең жақын асыл адамың ұстазың – Ана!

Жүргізуші: Күн шуағы адамға жылу береді, ал адам жылы сөз айту арқылы бір-біріне жылу сиялды. Шын жүректен балалары аналарына жақсы тілек айтып төстеріне жапсырма жүрекшелер қадайды.

Бүгінгі іс - шарамыз бала тәрбиесіндегі отбасының алатын орны ерекше. Отбасы – адамзаттың алтын ұясы. Адам баласы дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаға бейімделіп, ықпалына көніп ер жетеді. Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі, ал бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ол анаға қарап бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы – ата- ана. Қазақта «Қарағайға қарап тал өседі, жанұяға қарап бала өседі» деген қанатты сөз бар.

Жанұяның ұйытқысы ана болғандықтан бүгінгі «Ата - ана бала тірегі» атты пікір алмасуға тағыда қош келдіңіздер!

№1. «Ой қозғау»

Сұрақтар.

1. Балаңыздың қандай іс –әрекетін үлгі етесіз?
2. Игі істерін қалай мадақтайсыз?
3. Балаңыздың қандай жақсы қылықтары бар?
4. Балаңыздың қандай жат қылықтан аулақ болғанын қалар едіңіз?
5. Отбасында ана ретінде өз балаңызға қандай нәрселерді үйретесіз?
6. Әкесі жоқта ер балаңызға сіз не нәрселер үйретесіз?
7. Егер балаңызды жазатайым өкпелетіп алсаңыз не істейсіз?
8. Балаңыздың мінез – құлқы кімге ұқсайды?
9. Балаңызға қалай ұрсасыз?
10. Туған күнін атайсыз ба, қалай?
11. Балаңыздың бойына «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» көрсету бағытында қандай бағытта ықпал етесіз?

12. Баланыз бірдене бүлдірді делік, қалай жазалайсыз, жазалайсыз ба?
13. Ой – өрісі өсу үшін қандай шаралар қолданасыз?
14. Дастарқан басында балаңызға қандай бағытта өнеге бере аласыз?
15. Балаңыздың бағалы киім кигенін қалайсыз ба?
16. Балаңыздың қандай мамандық иесі болғысы келетінін білесізбе? Кім болғанын қалайсыз?



Жүргізуші: Келесі сұрақ менен:

«Баламның қарны тоқ, көйлегі көк болса болды, тәртібіне, оқуына қарайтын уақытым жоқ» - дейтін ата – аналарға көз қарастарыңыз қалай?

(Ата -аналар жауаптары)

№2. «Мақал – сөздің мәйегі»

Жүргізуші: Мақал сөздерінің жалғастырып көрейік:

1. Қатал ұста, бос жүрмесін сандалып
Тәртіпті болса өсер бала ---- (сомдалып)
2. Бір бала ғажап болып туады,
Бір бала ----- (азап болып туады)
3. Әкесі ұрған ұл оңар, шешесі ұрған ----- (қыз оңбас)
4. Бала болсаң , болғандай бол, ағайынға ----- (қорғандай бол)
5. Ата – ананды силасаң көп жасарсың, силамасаң ----- (жан қинарсың)

Жүргізуші: Келесі бөлімде салт – дәстірімізді еске алсақ:

№ 3. «Пантомимо»

Шарты: Карточка таратылады, сонда берілген тапсырманы пантомима арқылы көрсету керек.



№4. Психологиялық ситуациялар.

1. Балаңыз балабақшадан ойыншық ұрлап әкелді. Сіздің іс - әрекетіңіз.
2. Сіздің тұңғышыңызды атасы мен әжесі бауырына басқан.
Тапсырмалары қиындап кеткен соң өздерің қарандар деп әкеліп берді.
Ал, балаңыз еш көнер емес, не істейсіз?
3. Сіз немереңізді бауырыңызға бастыңыз. Бір күні үйге кірсеңіз келініңіз балабақшадан келген сіздің балаңызды аймалап - толғанып, "сен менің ұлымсың (қызымсың) деп бәйек болып жатыр. Естіп тұрсыз, әрі қарай не істейсіз?

Жүргізуші: Бүгінгі іс – шарамызды накыл сөздермен аяқтағымыз келіп тұр: « Бала адамның бауыр еті» . Сондықтан қай ата – ана болсын баласының білімді, мәдениетті, тәртіпті, әдепті болуын қалайды. «Бала – өмір жалғасы, көз қуанышы ,шаңырақ иесі.»- деп ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлейік. Осымен бүгінгі пікір талас дөңгелек үстеліміз өз мәресіне жетті. Уақыттарыңызды бөліп қатысқандарыңызға рахмет.

"Айгерім" балабақшасы

Дөңгелек үстел

"Ата-ана мен бала арасындағы
қарым-қатынас"

МАД-тобы

Тәрбиеші: Жалелова Т.

2018 жыл

Бекітемін:

Әдіскер:  А. К. Досекешова

Дөңгелек үстел тақырыбы:

"Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас"

Мақсаты: Ата-анаға баланың жан дүниесін түсіне білуге кеңестер беру. Ұлттық тәрбиенің маңызы зор екенін айтып, татулықпен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

-Қайырлы күн, ата-аналар! Сіздермен танысу мақсатында біз қазір «өрмекшінің торы» ойынын ойнаймыз. Мен жіптің басын ұстап қалып, өзімнің аты-жөнімді және жақсы қасиеттерімді айтамын да, келесі адамға жіпті берімін. Осылайша кезектесіп жіпті бір-бірімізге береміз. Қарасаңыздар, өрмекшінің торы шықты. Енді кері қайтарамыз, ол үшін сіз алдыңыздағы адамның аты мен жақсы қасиеттірен айтасыз.

-Сіз есіміңізді, жақсы қасиеттеріңізді айтып жатқанда қандай сезімде болдыңыз? Екі топқа бөлу. Мына гүлдерден бір бірден алыңыздар. Бұл гүлдерде «Отбасы» «Бала» туралы өлең шығады. Осы өлеңмен екі топқа бөлінесіңдер.

Отбасы «Әкем -әнім»

Ұшырдың баптап ұядан
Кетпейсің ойдан, киялдан
Арманға биік қол созсам
Тұрасың демеп жиі алдан.

«Келші, келші балашым»

Айым болып тудыңба?
Күн болып тудың ба?
Ата жолын қудың ба?
Әке жолын қудың ба?
Бұл дүниеге келген соң.
Сұрауы бар судың да?

-Құрметті ата-аналар, біздің дөңгелек үстеліміздің тақырыбы «Ата ана мен бала арасындағы қарым қатынас.».

Отбасы – әр адамның шағын отаны, қоғамның бір бөлшегі.

Отбасы дегенімізде бірінші үйдегі бала, бала тәрбиесі деген сөзді қолданамыз. Сол себепті де бүгінгі тақырыбымыз бала жайында өрбімек.

Бала тәрбиесі кашанда кезек күттірмейтін, күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе болып қала бермек. Бала үшін отбасы – басты ақпарат көзі, сондықтан



«Айгерім» балабақшасы

Дөңгелек үстел

«Бала қауіпсіздігі ата-ана қамқорлығында»

Ортаңғы топ тәрбиешісі: Успанова Ахсипа

2017-2018 оқу жылы

«Бекітемін»

Балабақша әдіскері:

Досекешова Қ

Бала қауіпсіздігі ата-ана қамқорлығында.

(дөңгелек үстел)

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орны. Баланы қорғау үшін қолданылатын әдіс-тәсілдерді ата-аналарымен бірлесе отырып шешу жолдарын табу және тәрбиелеу. Оқыту үрдісіне ата-ана белсенділігін арттыру. Балаларды өмірдің қауіпсіздік негіздерін жақын білуге үйрету.

Міндеттері: 1) Ата-аналарға баланы қорғау конвенциясын түсіндіру.

2) Айнала қоршаған ортадан келетін қауіпсіздік шараларын бірлесе шешу.

3) Балаларға қауіптің қайдан келетінін жас ерекшелігіне сай түсіндіру.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері:

1. «Танысу» жаттығуы:

Ата-аналар шеңбер бойымен тұрып, есіміңізді, есіміңіздің бас әрпінен басталатын өз бойыңыздағы үш қасиетіңізді атаңыз.

2. Топқа бөлу:

Ата-аналар қобдишадағы пішін-дерді таңдап алыңыздар (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек). Пішіндер арқылы топқа бөлініңіздер.

Үшбұрыш: Ұшқыр ойлы, қарым-қатынасқа түсуге бейім, ашық мінезді адамдар.

Төртбұрыш: Жан-жақты, белсенді, өзіне жүктелген жұмысты тиянақты орындай білетін адамдар.

Шеңбер: Жауапты ұйымдастырушылық қабілеттері жоғары, топта еркін жұмыс істей алатын адамдар.

3. Ситуациялық сұрақ: Әр топқа бір-бірден сұрақ беріледі.

1. Баламен сөйлесе білу де үлкен өнер. Сіздің балаңыз сауалдарды көп қоятын болса, жауап беруге тырысасыз ба, әлде елеусіз қалдырасыз ба?
Мысалы: түн неге қараңғы, күн қайда кетті.....т.б

2. Кейбір ата-аналардың баласының әрбір іс-әрекетіне көңілі толмай: «Сен істей алмайсың, сенің қолыңнан келмейді» - деп айтып жататынын байқаймыз. Бала іс-әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?



Бекітілген
Ақпанда

Отбасымен бірлескен іс-әрекет

(Ата-анаға кеңес)

Еліміздің болашағы – жас ұрпақ. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауы мектепке дейінгі мамандар үшін болашаққа деген жігерін ынталандыра түскендей.

Тәрбиенің бастауы ана құрсағында жатқанда - ақ басталса, әрі қарай отбасы мен мектепке дейінгі тәрбие ошағында жалғасады. Сондықтан балабақша мен баланың ата-анасы арасындағы қарым-қатынас күнделікті күн тәртібінен түспеген абзал. Ата-анамен тығыз байланыс жасау балалардың өнегелі тәлім-тәрбие алып, өз отбасының шеңберінен шығып, ересек адамдардың кеңірек әлеммен жаңа байланыстар орнатуына әсер тигізеді. Жас ұрпақты тәрбиелеу барысында біздің шағын орталығымызда балалармен олардың ата-аналарымен ынтымақтаса жұмыс жасай отырып, ата-ананың балаларының қандай орта тәрбиелеп жатқанына көз жеткіземіз. Шағын орталық әдіскерінің қадағалауымен біздің тәрбиешілеріміз өз білімдерін жетілдіріп отырады. Балалардың көп уақыты шағын орталықта өтетіндіктен, шағын орталық үйдей боп, тәрбиеші ата-анадай болуы қажет. Тәрбиеші балаға барынша мейірімді болса бала үйінде жүргендей сезінеді.

Мысалы, баланың балабақшаға бейімделуі жөнінде біздің шағын орталықтың тәрбиешілері ата-анасы баласын әкелген күннен бастап-ақ мынадай кеңестер ұсынады:

Сіздің балаңыз аяғын апыл-ғұпыл басып жүре бастады, сөйлеуді үйренді, адамдармен араласады, өз бетінше пайымдайды және өзі тамақтанады. Енді балаға жас ерекшелігіне байланысты қарам-қатынас жасап тіл табысуға мүмкіндік тудыратын орта балабақшаға орналастыру мәселесі туындайды. Үйдегі баланың басқа ортаға түсуі алғашында оңай болмайды. Сәби өзінен басқа бала бар екенін, олармен бәрі қызықты екенін түсінуі керек. Сәбиді туған-туыстары мен жақындарынан айырып, басқа адамдармен таныс емес балалардың ортасына апару оған ауыр тиеді. Бала жаңа ортада ата-анасының мейірімін, өзіне ерекше ықылас бөлуін аңсайды. Дәл осы толқымалы кезең ата-ана, тәрбиеші үшін жауапты кезең. Педагогтың өзіне жүктелген жауапкершілігі және ата-ананың көмегі баланың психикалық және дамуына, көңіл-күйіне көп әсерін тигізеді.

Балаға үйден балабақшаға ауысу кезінде қандай көмек бере аламыз?

Осы тұрғыда ата-аналарға мына төмендегі кеңесті ұсынамыз:

1. Алғашқы күнен бастап, нәрестеңізбен балабақшаның ішін аралаңыз. Балаңызға тәрбиешімен бірге топты, ән-күй залын көрсетіңіз т.б.
2. Сәбиіңізге балалар серуенде не істейді, қай жерде тамақ ішеді, күндіз қайда, қалай ұйықтайтыны жайында түсінік беріңіз.
3. Үйде күн тәртібін бұзбаңыз, баланы ерте жатқызып, ұйқысының тыныш болуына көңіл бөліңіз, өйткені оның ұйқысы бұзылса, мазасыздана береді.
4. Баланызды балабақшаға әкелгенде жалғыз қалдырмаңыз. Сол жерде онымен быраз уақыт болыңыз.



білімгеріміз
Айгүл

«Әкем, шешем және мен» атты жанұялық жарысы



Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың спорт туралы білімдерін кеңейту, қызығушылықтарын және бір-бірімен қарым-қатынасын арттырып, достыққа баулу.

Ата-аналардың балабақшамен тығыз байланысын дұрыс жолға қою және ойындарға ата-аналардың белсене қатысып ынтымақтаса жүргізілген жұмыстардың нәтижелі болатындығына көз жеткізу.

Іс-шараға қажетті құралдар: Ат, үйшіктегі қояндар, кегілдер, доптар құрсау, сәбіздер, үлкен резеңке доп, қызыл сары жасыл түсті кішкене доптар.

Дене тәрбие жетекшісі: Сәлеметтіздер ме құрметті ата-аналар, балабақша ұжымы және бүлдіршіндер. Осы балабақшада ата-аналардың қатысуымен ұйымдастырылып отырған іс-шараны бастауға рұқсат етіңіздер.

Денсаулық бар байлығың бойындағы,
Жайнаған өміріңнің жасыл бағы.

Қастерлеп мәпелеп аяласаң,

Бойыңнан көтпес қуат жасыңдағы- дей келе бүгінгі осы

«Әкем, шешем және мен» атты жанұялық эстафеталық жарысымызға қош келдіңіздер.

Жарысқа қатысушы топтарды ортаға шақырамыз.

1. «Балауса» тобы
2. «Айгөлек» тобы
3. «Ақбота» тобы, қошеметпен қарсы алыңыздар.

Сайысымыздың әділқазыларын тағайындап алайық.

1 бөлім. Сәлемдесу. Ұрандарын айтып, эмблемаларын қорғау

2 бөлім. Эстафеталық жарыс.

3 бөлім. Қимылды ойын.

1 бөлім. Сәлемдесу.

«Балауса» тобы

Ал қане босқа қарап тұрмайық,
Қажырланып намысты қолға бермейік.
Балалармен бірге осылай күш салып,
Бүгін бізде бағымызды сынайық.

«Айгөлек» тобы

Қатар өскен құрдасқа,
Жарыс ұнап тұрмас па.
Қуып жету жақсы ғой,
Озып шығу бір басқа.

«Ақбота» тобы

Ұшақтан да ұшқырмыз,
Желден озған жүйрікпіз.
Жарысуға сендермен,
Келіп тұрған мықтымыз.

«Шұғыла» бишілер тобының орындауында спорттық би.



